



БҰЙРЫҚ

06.05.2025

Изенді ауылы

ПРИКАЗ

№ 22

село Изенды

2024-2025 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдеріне өзгерістер енгізі туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының 38 тармақшасына және қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің 2025 жылғы 02 мамырдағы №3-05-4/3121-жаты негізінде, Нұра ауданы білім бөлімінің 2025 жылғы 05 мамырдағы №283 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуы мынадай мерзімдермен айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек - 2025 жылдың 23 мамырды қоса алғанда;

1-11 сыныптарға оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы;

1-тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс - күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан - 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сынып және мектепалды сыныбында қосымша демалыс - күнтізбелік 7 күн (2025 жылдың 10-16 ақпан аралығында);

4-тоқсан - 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып оқушылары үшін қорытынды бекіту емтихандары - 2025 жылдың 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11-сынып оқушылары үшін қорытынды бекіту емтихандары - 2025 жылдың 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында;

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)-2025 жылдың 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін-жазбаша (мақала, эссе, әңгіме)-2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (география, Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті) -2025 жылдың 5 маусым;

4) қазақ тілінде оқылатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)-10 маусым;

11-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан, қазақ тілі/орыс тілі бойынша жазбаша емтихан 2025 жылдың 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан -2025 жылдың 4 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша жазбаша емтихан 2025 жылдың 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (информатика, география) 2025 жылдың 12 маусым;

5) қазақ тілінде оқылатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан-2025 16 маусым;

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.К.Момбековаға жүктелсін;

Негізі: Нұра ауданы білім бөлімінің 2025 жылғы 05 мамырдағы №283 бұйрығы

Мектеп директоры



С.К.Бердешова

Таныстырылды
Орынд: А.Маханова

А.К.Момбекова